

# Валюта бағамының өзгерісінің салдары-21ҚЕХС

Тексерген:Жұманова Гүлжайна

Орындаған:Тұрысбек Кәмшат

Есеп және аудит 14-1к.о

# Мақсаты

1. Ұйым шетелдік валютамен байланысты қызметті екі әдіспен жүргізе алады. Ол не операцияларды шетелдік валютамен жүргізе, не шетелдік қызметті жүзеге асыра алады. Сонымен бірге өзінің қаржылық есептілігінде ұйым деректерді шетелдік валютамен көрсете алады. Осы Стандарттың мақсаты - шетелдік валютамен операцияларды және шетелдік қызметті ұйымның қаржылық есептілігінде көрсету, сондай-ақ қаржылық есептілігінің көрсеткіштерін ұсыну валютасына қайта есептеу тәртібін орнату.
2. Негізгі мәселелер қандай айырбас бағамын (бағамдарын) белгілеу және айырбас бағамдарындағы өзгерістердің салдарын қаржылық есептілігінде қалайша көрсету болып табылады.

# Қолдану аясы

3. Осы Стандар келесі жағдайларда қолданылуы тиіс: (а) шетелдік валюталармен операцияларды және қалдықтарды 9-шы Қаржы құралдары ХҚЕС-ты (IFRS) қолдану аясындағы туынды операциялар мен қалдықтардан басқаларын есепке алу кезінде;

(b) шетелдік қызметтің шоғырландыру, тепе-тең шоғырландыру немесе үлесті қатысуды есепке алу әдістерімен ұйымның қаржылық есептілігіне енгізілген нәтижелері мен қаржы көрсеткіштерін қайта есептеу кезінде;  
және

(c) ұйымның нәтижелері мен қаржы көрсеткіштерін ұсыну валютасына қайта есептеу кезінде қолданылуы тиіс.

4. 9 ХҚЕС (IFRS) көптеген валюталық туынды құралдарға қолданылады, сондықтан ондай құралдар осы Стандарт қолданылатын саладан шығарып тасталады. Екінші жағынан, 9 ХҚЕС (IFRS) қолданылатын саладан тыс валюталық туынды құралдар (мысалы, басқа контракттарға кіргізілген кейбір валюталық туынды құралдар) осы Стандарт әсерінің аясында болады. Сонымен қатар, осы Стандарт туынды құралдарға жататын сомаларды ұйым өзінің қолданыстағы валютасынан өзінің ұсыну валютасына қайта есептейтін кезде қолданылады.



5. Осы Стандарт баптарды шетелдік валютамен хеджирлеуді, соның ішінде шетелдік қызметке таза инвестицияларды хеджирлеуді есепке алуға қолданылмайды. 9-шы ХҚЕС (IAS) хеджирлеуді есепке алуға қолданылады.

6. Осы стандарт ұйым қаржылық есептілігін шетелдік валютамен берген кезде қолданылады және қаржылық есептілігі түпкілікті түрінде Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес келуін көздейтін талаптар белгілейді. Қаржы ақпаратын шетелдік валютаға, осы талаптарға сай келмейтін қайта есептеулерге қатысты осы Стандартта қандай ақпарат ашылуға тиіс екені көрсетілген.

7. Осы Стандарт ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте шетелдік валютамен операциялар немесе шетелдік қызметтен ақша қаражатының ағынын қайта есептеу нәтижесінде пайда болатын ақша қаражатының ағынын көрсетуге қатысты емес (7-ші Ақша қаражаттарының қозғалысы ХҚЕС-ын (IAS) қараңыз).

Осы Стандартта төменде көрсетілген мәндерде мынадай терминдер пайдаланылады:

**Жабылу бағамы** — валюталардың қаржылық жағдай туралы есеп күнгі ағымдағы айырбас бағамы.

**Бағам айырмашылығы** — шетелдік валюталар бірлігінің бірдей санын қайта есептеу нәтижесінде пайда болатын айырмашылық.

**Валюта айырбастау бағамы** — бір валютаны басқа валютаға айырбастау коэффициенті.

**Әділ құн** — жақсы хабардар, осындай операция жасағысы келетін, бір-біріне тәуелді емес тараптар арасында мәміле жасау кезінде активті айырбастауға немесе міндеттемені реттеуге болатын сома. (13-ші Әділ Құнды Бағалау ХҚЕС-ын қараңыз.)

**Шетелдік валюта** — ұйымның қолданыстағы валютасынан өзгеше валюта.

**Шетелдік қызмет** — өз қызметі есеп беруші ұйым елінен немесе валютасынан өзгеше елде немесе валютада орналасқан немесе жүзеге асатын есеп беруші ұйымның еншілес, қауымдасқан, бірлескен ұйымы немесе филиалы болып табылатын ұйым.

**Қолданыстағы валюта** — ұйым өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортада пайдаланылатын валютасы.

**Ақша баптары** — қолда бар валюта бірліктері, активтер және валюта бірлігін нақты немесе белгіленетін сомаларда алу немесе төлеу жөніндегі міндеттемелер.





Ұйым өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта, әдетте, ол өзінің ақша қаражатының негізгі бөлігін жинақтап, жұмсайтын орта болып табылады. Өзінің қолданыстағы валютасын анықтау кезінде ұйым мына факторларға көңіл бөледі:

- (a) валютаға мыналар жатады:
  - (i) тауарлар мен қызметтердің сату бағасына негізгі әсер ететін валютаға (ондай валюта - тауарлар мен қызметтердің сату бағасы көрсетілетін және солар бойынша есеп айырысатын валюта); және
  - (ii) күштері мен бәсекелестік ережелерін ұйым өндіретін тауарлар мен қызметтерге бағаны негізінен айқындайтын ел валютасы.
- (b) тауарлар немесе қызметтер жеткізуге байланысты еңбек, материал және басқа шығындарға негізгі ықпал ететін валютаға (ондай валюта - көбінесе сондай шығындар көрсетілетін және өтелетін валюта).



Шетелдік қызметтің қолданыстағы валютасын анықтау және қолданыстағы валютаны есеп беруші ұйым пайдаланатын валютамен теңдестіру кезінде көңіл бөлінетін тағы да бірқатар факторлар бар (бұл контексте есеп беруші ұйым өзінің шетелдік қызметін еншілес ұйымы, филиалы, қауымдасқан ұйым немесе бірлескен қызмет арқылы жүзеге асыратын ұйым болып табылады):

- (a) мұндай шетелдік қызмет есеп беруші ұйым қызметінің жалғасы немесе едәуір дәрежеде дербес болып табылатын қызмет ретінде жүзеге асырыла ма; шетелдік қызметті жүзеге асырушы ұйым есеп беруші ұйымнан импорт бойынша алынатын тауарларды тек сататын және түскен түсімді оған аударатын болса, ол бірінші жағдайдың мысалы болып табылады. Шетелдік қызметті жүзеге асырушы ұйым ақша қаражаты мен басқа ақша баптарын жинақтайтын, шығын жұмсайтын, табысты қордалайтын және көбінесе өзінің жергілікті валютасымен қарыз алатын болса, ол екінші жағдайдың мысалы болып табылады.
- (b) есеп беруші ұйыммен операциялардың өз қызметін шетелдерде жүзеге асырушы ұйым қызметіндегі үлесі елеулі ме, әлде елеусіз бе.
- (c) шетелдік қызметтен келіп түсетін ақша қаражатының ағыны есеп беруші ұйымның ақша ағынына тікелей әсер ете ме, және де оны оның есебіне кідіріссіз аударуға бола ма.
- (d) шетелдік қызметтен қордаланатын ақша қаражатының ағыны орын алып отырған және, әдетте, күтілетін қарыз міндеттемелеріне есеп беруші ұйым тарапынан ақша қаражаты берілместен қызмет көрсетуге жеткілікті ме.



Ұсыну валютасын қайта есептеу

Ұйым өзінің қаржылық есептілігін кез келген валютада (немесе валюталарда) ұсына алады. Егер ұсыну валютасы ұйымның қолданыстағы валютасынан өзгеше болса, ол өз нәтижелері мен қаржы көрсеткіштерін ұсыну валютасына қайта есептейді. Мысалы, топ құрамына түрлі қолданыстағы валюталарды пайдаланатын жекелеген ұйымдар кіретін кезде сол ұйымдардың әрқайсысының нәтижелері мен қаржы көрсеткіштері барлығы үшін ортақ валютамен көрсетіледі, мұның өзі шоғырландырылған қаржылық есебін ұсынуға мүмкіндік береді.



Қолданыстағы валютасы гиперинфляциялық экономика валютасы болып табылмайтын ұйымның нәтижелері мен қаржы көрсеткіштері төмендегі рәсімдерді пайдалана отырып басқа ұсыну валютасына қайта есептелуге тиіс:

(а) ұсынылған әрбір қаржылық жағдай туралы есеп бойынша активтер мен міндеттемелер (яғни, соның ішінде салыстырмалы деректер) қаржылық жағдайға байланысты қаржылық есептеме жасалған күнгі жабу бағамы бойынша қайта есептеуге жатады;

(b) пайда мен шығын туралы әрбір есеп бойынша кіріс пен шығыс (яғни, соның ішінде салыстырмалы деректер) операциялар жүзеге асырылған күнгі бағамдар бойынша қайта есептеуге жатады;

(с) пайда болатын барлық бағам айырмашылықтары капиталдың жеке компоненті ретінде мойындалуы тиіс.



Назарларыңызға  
рахмет

